тексерілді
Жүр

## ЦИКЛОГРАММА

*I апта (28 -ақпан 1.03-04 2022 ж )*

«Айгөлек» ересек және ортаңғы тобы

**Өтпелі тақырып:** ««Салт-дәстүрлер және фольклор»»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Денсаулық туралы жан-жақты әңгімелесу, денсаулықты нығайтуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата – аналармен әңгімелесу | Қабылдау ережелері, демалыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу;<br>Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу;<br>Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу;<br>Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу;<br>Жеке бас гигиенасы туралы ескерту, балабақшаға балалардың таза,жинақы келуін қадағалау. | | | | |
| Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б. ) | **Дидактикалық ойын:**«Біреу және көп»<br>**Мақсаты:** Біреу және көп ұғымын біледі және ажыратады.<br>**Тәрбиешінің жетекшілігімен.** | **Дидактикалық ойын:**« Пішіндер әлемі».<br>**Мақсаты:** Пішіндерді біледі, атайды.<br>**Тәрбиешінің жетекшілігімен.** | **Дид-қ ойын**<br>«Бұл қай мезгіл?»<br>**Мақсаты:**төрт жыл мезгілін атайды.<br>Тәрбиешінің жетекшілігімен. | **Дидактикалық ойын:**<br>«Қажетті түсті тап» **ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға сенсорлық тәрбие беру. Балалар түстерді есте сақтап үйренеді. Тәрбиешінің жетекшілігімен. | **Дидактикалық ойын:** «Мен не жасырдым»<br>**Шарты:** Балалардың алдарына 3-4 заттар қойылады немесе қос суреттер де болады.Балаларға сұрақ қою арқылы мен айтқан карточканы табу керек.Әрбір сұрақтан кейін, әрі қарай қарастырылмайтын карточканы алып тастатып отырамын. Мысалы: «Ол тіріме?»деген сұраққа «ия»деп жауап берілсе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тірі емес заттар бейнеленген карточкаларды алып тастайды.Солай ойын жалғасын таба береді. Педагогтың жетекшілігімен. |
| Таңертеңгі гимнастика (7-10 мин) | Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Қазақстан Республикасының гимн орындау. | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | **Қимылды ойын**: «Күн мен жаңбыр» **Шарты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. | **Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт» **Мақсаты:** балалар шапшаң қимылдауға үйренеді, тез ойнауға дағдыланады. Педагогтың жетекшілігімен ойын | **Дидактикалық ойын:** «Ұқсасын тап» **Мақсаты:** Балалар дұрыс шешім қабылдайды. Педагогтың жетекшілігімен ойын | **Ұлттық ойын:** «Сақина салу» **Мақсаты:** Байқағыштықты үйренеді, жылдамдығы артады. Педагогтың жетекшілігімен ойын | **Дидактикалық ойын:** «Сәйкестендір» **Мақсаты:** балалар түстерді сәйкестендіреді және түстерді ажыратады. Педагогтың жетекшілігімен ойын |
| Ұйымдастырылған оқу қызметтері Бала үні 4к моделі Ойындар | **Дене шынықтыру** **Тақырып: «**Сызықтар» **Мақсаты:** Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүру. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты | **Дене шынықтыру** **Тақырып: «**Лақтыру» **Мақсаты:** Қарқынды өзгерте отырып жүру және жүгіру. Допты алысқа лақтыру. Бір шеңберден екінші | **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Саңырауқұлақ» **Мақсаты:** Көктем мезгілінде өсімдіктердің тіршілігі туралы түсінік беру. Шөптесін өсімдіктер (4-5 түрін), жидектер, | **Дене шынықтыру** **Тақырып:** «Өрмелеу» **Мақсаты:** Қолдарын беліне ұстап бірқалыпты жүру, жүгіру. Бір шеңберден екінші шеңберге біртіндеп секіру. | **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Сиқырлы зәулім үй» **Мақсаты:** Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре алады және онымен ойнай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| -тәрбиешінің жетекшілігімен ойын<br>-құрылымдал-ған ойын<br>-Еркін ойын | қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу. Допты алысқа лақтыру<br>**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, қайталату<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ысқырық,сызық, доптар.<br>**Қимылды ойын:** «Поезд»<br>**Шарты:** Балалар колоннаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қол ұстаспай). Біріншісі – паровоз да, қалғандары – вагондар. Нұсқаушы: гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіруге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді»,-дейді нұсқаушы: Балалар жүрісті бірте – бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады; олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, | шеңберге біртіндеп секіру.<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, қайталату<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** доп, ысқырық<br><br>**Қимылды ойын:** «Доп»<br>**Ойын шарты:** Балалар қатарға тұрады екі команда болып межеге допты қай команда бірінші апарады сол топ бірінші орынға, марапатқа ие болады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**біледі:** Бір шеңберден екінші шеңберге біртіндеп секіруді;<br>**игереді:** Қарқынды өзгерте отырып жүру және жүгіруді;<br>**меңгереді:** Допты алысқа лақтыруды;<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема:** «В гостях у сказки»<br><br>**Цель:** Учить составлять | саңырауқұлақтар туралы түсініктерді біледі.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, көрсету,әңгімелесу<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Көктем мезгілінің суреттері, саңырауқұлақтың суреті.<br>**Д\О:** «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»<br>**Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата алады,табиғат құбылыстары жөніндегі біледі,қатты,жұмсақ,ериді, буға айналады.<br>**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.<br>4Кмодулі бойынша құрылымдалған ойын.креативтілік, бала үні.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**біледі:** Көктем мезгілінде өсімдіктердің тіршілігі туралы;<br>**игереді:** Шөптесін өсімдіктер (4-5 түрін),<br>**меңгереді:** | Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары және төмен кезектестірілген адыммен өрмелеу<br>**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, қайталату<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** доп, ысқырық,шеңбер, гимнастикалық қабырға.<br>**Қимылды ойын:** «Жалғыз аяқ жолмен»<br>**Ойын шарты:** Нұсқаушы өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады.<br>Балалардың бір-бірімен бір мезгілде 5-6 бала қатыстырылады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**біледі:** Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары және төмен | отырып, шығармашылық қиялдауы артады.<br>**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру,әңгімелесу<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** үлгі суреттер, желім, түрлі-түсті қағаздар<br>**Дидактикалық ойын:** «Кімнің үйі»<br>**Шарты:** Тәрбиеші балалардың құрылыстарын мұқият қарап,дұрыс орналастыруына мән беріп, бақылау мен басшылық жасайды, қажет болғандарға көмек көрсетеді. Балалар алдыларындағы құрылыс материалдарынан текше мен үшбұрышты тауып алып, үй құрастырады.Қақпаны кірпіштерді педагогтің көрсетуі бойынша орналастырып, құрастырады..<br>4Кмодулі бойынша еркін ойын. Коммуникативті,креативті, бала үні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санырауқұлақ, бүршік тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да поездың қозғалысы жаңадан басталады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**біледі:** Сызықтармен жүруді;<br>**игереді:** Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруды;<br>**меңгереді:** Допты алысқа лақтыруды;<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Көктемде»<br>**Мақсаты:** Балалар көктем туралы және құбылыстары мен белгілері жайлы біледі. Біріккен сөздегі екпінді буынды таба алады.<br>**Әдіс-тәсіл:** түсіндіру, сұрақ-жауап.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Көктем мезгілінің суреті, көктем мезгілінің құбылыстарының суреті. | словосочетания;<br>простые предложения из 2-3 слов;<br>использовать знакомые слова в повседневной жизни.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «1-ден 4-ке дейін санау<br>**Мақсаты:** Цилиндрмен таныстыру. Геометриялық денелерді (куб, шар) сипап-сезу арқылы ажыратады және 1-ден 4-ке дейін тура және кері санауды біледі.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** түсіндіру, сұрақ-жауап.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Сандар, топ заттары.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Ретімен орналастыр»<br>**Ойын шарты:** Үстелде ойыншықтар: піл, үйрек, өрмекші, жылан. Ретімен орналастыр: 1-ші аяқтарының саны | сaңырауқұлақтар туралы;<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Салт дәстүр және фольклор»<br>**Мақсаты:** Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.<br><br>**Вариативтік бөлім**<br>Саусақ театры<br>**Тақырыбы:** «Түлкі мен тырна» ертегісі<br>**Мақсаты:** Ертегіні мазмұнын түсіне отырып саусақ көмегімен театрландыра білуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, театындандыру<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ертегі желісі | кезектестірілген адыммен өрмелеуді;<br>**игереді:** Қолдарын беліне ұстап біркалыпты жүруді;<br>**меңгереді:** Бір шеңберден екінші шеңберге біртіндеп секіруді;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Батырлар желісі»<br>**Мақсаты:** Саусақ театры арқылы саусақтары мен қол буынының ұсақ қол моторикасының жалпы қозғалыстық белсенділіктерін арттырады<br>**Әдіс-тәсіл:** Түсіндіру, сұрақ-жауап,<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Көліктер түрлері, бағдаршам.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қалай амандасу керек»<br>**Ойын шарты:** балалар жұптасып, сыртқы және ішкі шеңбер | ескерілді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре алуды;<br>**Игереді:** шығармашылық қиялдың артуы;<br>**Меңгереді:** Сиқырлы зәулім үйді;<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Ағаштар»<br>**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін аша түсу. Көктем мезгіліндегі табиғатты әдемілеп жабысырады және табиғаттағы өзгерістерді әсемдікті сезіне біледі.<br>**Әдіс-тәсіл:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап,<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Тақырып бойынша суреттері<br>**Дидактикалық ойын:** «Жемісін орналастыр»<br>**Шарты:** Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын:** «Жыл ағашы» ойын<br>Түзу сызық(1жыл дегенді білдіреді).<br>Бұтақтар(мезгіл)<br>Кіші бұтақтар(айлар)<br>Жапырақ(апталар).<br>Енді осы ағаштың суретің салайық.4Кмодулі бойынша педагогтың жетекшілігімен ойын.Бала үні, креативтілік, коммуникативтілік дағды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Көктем мезгілін;<br>**Игереді:** Балалар көктем туралы және құбылыстары мен белгілері жайлы;<br>**Меңгереді:** Біріккен сөздегі екпінді буынды таба білуі;<br>**Сурет**<br>**Тақырыбы:** «Ағаштар бөршік жарғанда»<br>**Мақсаты:** Балалар көктемнің суреттерінен алған әсерін бейнелейді, суретінің мазмұнын | азынан, соңына — қайсысының аяқтарының саны көп соны қою керек. 4Кмодулі бойынша құрылымдалған ойын. Коммуникативтік,бала үні.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** : «1-ден 4-ке дейін санауды;<br>**Игереді:** Геометриялық денелерді (куб, шар) сипап-сезу арқылы ажыратуды;<br>**Меңгереді:** 1-ден 4-ке дейін тура және кері санауды; | бойынша суреттер үлгісі.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жаңа ертегі»<br>**Шарты:** Тәрбиеші отырған балаларға ертегі кейіпкерлерін атайды, суреттерін көрсетеді.Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан т.б.Аталған кейіпкерлердібіріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойын жалғастырады. 4Кмодулі бойынша құрылымдалған ойын. Бала үні креативті, коммуникативті дағды, сыни ойлау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Ертегінің мазмұнын;<br>**Игереді:** саусақ көмегімен театрландыруды;<br>**Меңгереді:** Ойын шарттарын; | құрады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша қарама-қарсы тұрған балалар бір-бірімен амандасады. 4Кмодулі бойынша құрылымдалған ойын. Коммуникативтік, топтық жұмыс.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Қазақ батырларын;<br>**Игереді:** Саусақ арқылы театрландыруды;<br>**Меңгереді:** жалпы қозғалыстық белсенділіктерін арттыруды;<br>**Вариатвтік бөлім**<br>Шынықсаң шымыр боласың<br>**Тақырыбы:** «Ауада шеңбер сызу» көзге арналған жаттығу<br>**Мақсаты:** Көздің көруін жақсарту.<br>**Әдіс-тәсіл:**<br>Түсіндіру,көрсету, қайталату<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** | ағаштың жемістерін орналастырады. 4Кмодулі бойынша еркін ойын.Коммуникативтілік.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** жыл мезгілдері туралы;<br>**Игереді:** Қағаз бетінде бейнелерді құрастыруды;<br>**Меңгереді:** Көктем мезгіліндегі табиғатты әдемілеп жабысыруды;<br>**Вариативтік бөлім**<br>Мен суретшімін<br>**Тақырыбы:** «Берік аула»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға түзу тік (вертикаль) сызық сызуға үйрету.<br>**Әдіс-тәсіл:**<br>Түсіндіру,көрсету, сұрақ-жауап.<br>Қылқаламмен гуашпен сурет салу<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өздігінен анықтап, ұжымдық композицияны құра алады. Ұйымшылдыққа, достасып жұмыс жасайды.<br>**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Түрлі-түсті қарандаш, А4бет,көктем мезгілінің суреті.<br>**Дидактикалық ойын:** «Көктем көрінісі»<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды.<br>**Мысалы:**<br><br>Күн сары, (бақ-бақ) сияқты<br><br>Күн дөңгелек (доп) сияқты<br><br>Күн мейірімді, (анамыз) сияқты, т.с.с.<br>**Күтілетін нәтиже: біледі:**Көктем мезгілін;<br>**Игереді:** Балалар көктемнің суреттерінен алған әсерін бейнелеуді;,<br>**Меңгереді:** | | | көзге арналған жаттығулары:<br>А.Таң және көзіңді көрсет, балалар қуана көздерін көрсетті.<br>Б.Көзге серуенге шығуға көмектес, әр бала көздерін орамалдарымен көздерін сүртеді.<br>В.көздерін ашып,жұму<br>Г.көздерін жыпылықтату<br>Д. Оңға және солға қарау<br>**Дидактикалық ойын:** «Не өзгерді?»<br>**Мақсаты:** Көру арқылы ойлау қабілеттері артады.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір - екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай | түрлі-түсті гуаш бояуы, А4 бет, тақырыпқа сай сурет үлгісі, қылқалам.<br>**Дидактикалық ойын:** «Түстерін ажырат»<br>**Мақсаты:** Балалар түстерді біледі, ажыраты, атайды.<br>**Күтілетін нәтиже: біледі:** Балаларға түзу тік (вертикаль) сызық сызуды;<br>**Игереді:** Аула салуды;<br>**Меңгереді:** триз әдісімен сурет салуды; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйымшылдыққа, достасып жұмыс жасауды;<br><br>**Музыка:**<br>**Тақырыбы:** «Салт-дәстүрлер және фольклор»<br>**Мақсаты:** Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. | | | жалғасады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**біледі:** Көзге жаттығу жасауды;<br>**Игереді:**Оңға солға қарау;<br>**Меңгереді:** Ойын шарттарын; | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу Бақылау | №8<br>**Күн мен түнді бақылау**<br>Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады Жыл | №1.<br>**Ауа райын бақылау**<br>Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол | №2.<br>**Күнді бақылау**<br>Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:**«Күн мен бұлт» Шеңбер | №3.<br>***Желді бақылау***<br>Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып | №4.<br>**Аспанды бақылау**<br>Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады. Балаларға сұрақтар. ♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді) ♦ Күн неге батады? (жер күнді айналады, соныктан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.) **Еңбек**:Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын**: «Күн мен түн». **Мақсаты:** тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етеді, ойын шартын | шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. **Қимылды ойын**«Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. **Еңбек іс-әрекеті:** Топырақты тұқым салуға дайындау.Еңбектенуге деген қабілеттері басым,бастаған ісін аяқтайды,үлкендерге көмектеседі. **Дидактикалық ойындар:** Тәжірибе мен сараптама«Ауа райын сипатта!»Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап айтады.(жылы,ашық,суық,құрғақ,желді,жаңбырлы,тұманды) | бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. **Еңбек әрекеті**: Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойындар.** Тәжірибе мен сараптамаТапсырма 1. Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. Қорытынды. Алдымен темір заттар қызады. Тапсырма 2. Қай зат тез ысиды? Қорытынды. Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды. Тапсырма 3. Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру. Қорытынды. Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық. **Өзіндік іс-әрекет:**Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу. | шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. **Қимылды ойын**:«Қақпақ пен таяқ». **Еңбек іс-әрекеті:** Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** Тәжірибе мен сараптама«Жақсы-жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету.Өлі табиғат пен тірі табиғатты біледі.Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау». **Өзіндік іс-әрекет**: Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау | (Қыста аспан- сұр,ал қазір -көкшіл) **Қимылды ойын**:«Қазым,қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық. шапшаңдық танытa білдіруіне назар аудару. **Еңбек іс-әрекеті**:Тұқымды карашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. **Дидактикалық ойындар:** Тәжірибе мен сараптама«Көктемге арнап бояу табайық» Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. **Өзіндік іс-әрекет**: Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс орындайды. | | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Түскі ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Ұйқыдан ояту.<br>Жалпы жетілдіру жаттығуы:<br>кешені № 1 | Ұйқыдан ояту.<br>Ояну жаттығулар кешені №6 | Ұйқыдан ояту.<br>Ояну жаттығулар кешені №7 | Ұйқыдан ояту.<br>Ояну жаттығулар кешені №8 | Ұйқыдан ояту.<br>Ояну жаттығулар кешені №9 |
| Бесін ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу Бақылау | Қысқы картотека №8 | Көктемгі картотека №1<br>Бақылау | Көктемгі картотека №2<br>Бақылау | Көктемгі картотека №3<br>Бақылау | Көктемгі картотека №4<br>Бақылау |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет Бақылау | **Қимылды ойын:**<br>«Соқыр теке»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар белгіленген жерге орналасады. Олардың біреуінің көзін байлайды, бұл-соқыртеке.<br>Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар ептеп алақандарын шапалақтап жүгіреді. Көзі байланған бала бір баланы ұстауы керек. | **Қимылды ойын:**<br>«Жануарлар аттары»<br>**Мақсаты:** Өлеңді мұхият тыңдайды, өлең сәті бойынша қимылдауға үйренеді, шыдамдылыққа тәрбиеленеді. | Құрастыру құралдарымен зәулім үйлер құрастыру<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамытады. | **Дидактикалық ойын:**<br>«Аспазшының заттарын тап»<br>**Мақсаты:** Түрлі заттар әлеміндегі атауларды балалар тіліне енгізіп, нақтылайды таныс емес заттардың не үшін қолданылатынын айтады. Аспазшы жайлы біледі | **Дидактикалық ойын**: «Бөлмеде не бар»<br>**Мақсаты:**<br>Тұрмыстық заттар мен топ бөлмесінің жиһаздарын дұрыс атайды және қолданады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: **Мақсаты:**Сабырға сурет оқу іс-әрекеті бойынша түстерді дұрыс таңдауға үйрету | Жеке баламен жұмыс: **Мақсаты:** Асылзатпен Гауһарға заттарды сәйкестендіруге үйрету. | Жеке баламен жұмыс: **Мақсаты:**Салтанатқа әннің сөздеріне сәйкес қимылдарды үйлестіруге жаттықтыру. | Жеке баламен жұмыс **Мақсаты:** Оразбекке сурет оқу қызметі бойынша, карандашты дұрыс ұстауға үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Әділмен «Шалқан» ертегісі желісі туралы әңгімелесу |
| «Тұтас бала бейнесі» | Ата-аналарға кеңес: «Балабақшаға келгенде жыламай келуіне жағдай жасау» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың Жаңа ғимаратқа бейімделуі» | Ата-аналарға кеңес: Баланың киінуіне мүмкіншілік беру. | Ата-аналарға кеңес: «Отбасында не істей алады?» | Ата-аналарға психологтың кеңесі: «Баланың досы кім?» |